

**5B012100 - ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ОҚЫТПАЙТЫН МЕКТЕПТЕРДЕГІ
ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

1. 5B012100 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша білім беру бағдарламасының мақсаты мен міндеттері

Оқу бағдарламасының мақсаты – қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша жоғары әлеуметтік және азаматтық жауапкершілікке ие, төмендегідей бағыттар бойынша жоғары білікті мамандар даярлау:

- жан-жақты дамыған оқушы тұлғасын қалыптастыру және тәрбиелеу;
- қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті салалары бойынша жүйелі білім қалыптастыру;
- қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиетінен оқу үрдісін заманауи-ғылыми деңгейде ұйымдастыру;
- ғылыми зерттеулерді жүзеге асыру.

Білім беру бағдарламасының негізгі міндеттері:

- қоғамның әлеуметтік тапсырысына және білім берудің әлемдік стандарттарына сәйкес болашақ қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін сапалы кәсіби дайындықпен қамтамасыз ету;
- болашақ қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің негізгі басым құзыреттіліктерінің жүйесін, жалпы ғылыми және арнайы білімдік дағдылары мен шеберліктерін қалыптастыру;
- рухани және интеллектуалды өзіндік даму жолдарын, психологиялық сауатын, ойлау және мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру.

2. 5B012100 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша оқу бітірушіде білім беру бағдарламасын меңгеру нәтижесінде қалыптасатын құзыреттіліктер

Білім беру бағдарламасы мақсат-міндеттерін жүзеге асыруға қол жеткізу келесі құзыреттіліктерді қалыптастыруға мүмкіндік береді:

- жалпымәдени;
- кәсіби;
- пәндік.

Оқу бітірушілердің жалпымәдени құзыреттіліктері төмендегіше сипатталады:

- 2.1.1 өзінің тұлғалық даму мақсаттарын қалыптастыруға және шынайы бағалауға қабілетті, сондай-ақ, білім алушылардың зияткерлік даму деңгейін арттыру дағдыларын игерген;
- 2.1.2 әлеуметтік, гуманитарлық және экономикалық ғылымдардың негізгі әдістері мен ережелерін әлеуметтік және кәсіби міндеттерді шешуде қолдануға қабілетті;
- 2.1.3 ана тілінде өз ойын жүйелі және сауатты жеткізетін, қазақ (орыс) және шетел тілінде көпшілік алдында сөйлеуде және ғылыми мәтінмен жұмыс істеуде қажетті ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын игерген;

- 2.1.4 шетел тілінен алған білімін қарым-қатынас жасауға және арнайы мәтінді түсіну үшін *пайдаланады*;
- 2.1.5 ақпараттарды қабылдау, сақтау, өңдеудің негізгі әдістерін, тәсілдерін және құралдарын *қолданады*, компьютермен жұмыс істеу дағдысы қалыптасқан, оның ішінде ауқымды компьютерлік желіні жетік меңгерген;
- 2.1.6 әлеуметтік өзара әрекеттестік құруда білім беру үдерісіне қатысушылардың этно-мәдени және профессионалдық ерекшеліктерін ескеруге *қабілетті*;
- 2.1.7 адамгершілік нормасы мен өнегелі мінез-құлық негіздерін *меңгерген*;
- 2.1.8 ғылыми зерттеуді ұйымдастыру ұстанымдарын, ғылыми білімге қол жеткізу мен оны реттеу тәсілдерін *жете түсінеді*;
- 2.1.9 тазалық сақтау және еңбекті қорғау талаптарына, сыртқы ортаның жағымсыз ықпалдарынан қорғану ережелеріне сай салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыруға *қабілетті*.

Оқу бітірушілердің кәсіби құзыреттіліктері төмендегіше сипатталады:

- 2.2.1 оқу-тәрбие үдерісін *модельдей алады* және оқыту тәжірибесінде оны жүзеге асыруға *дайын*;
- 2.2.2 психикалық және психофизиологиялық дамуының жалпы, арнайы (әртүрлі ауытқушылық типтері) заңдылықтары мен жеке ерекшеліктерін, әртүрлі жастағы адам әрекеті мен мінез-құлық реттеу өзгешеліктерін есепке алу құралдарын *қолдана алады*;
- 2.2.3 психологиялық және педагогикалық зерттеулерде сапалық және сандық әдістерді *қолдануға дайын*;
- 2.2.4 әртүрлі жастағы балалардың әрекеті, қарым-қатынасы, дамуының диагностикалық әдістерін *пайдалануға дайын*;
- 2.2.5 білім берудің әртүрлі деңгейіндегі білім алушыларға арналған бағдарламалардан, оқыту, тәрбиелеу және дамытудың әртүрлі теорияларынан алған білімдерін *қолдануға дайын*;
- 2.2.6 балалардың әралуан әрекет түрлерін *ұйымдастыруға дайын*;
- 2.2.7 білімдік ортада субъектілердің бірлескен қызметі мен тұлғааралық өзара әрекеттестікті ұйымдастыру әдістерін *меңгерген*;
- 2.2.8 мамандықтың жоғары әлеуметтік маңызын *түсінеді*, кәсіби этикалық ұстанымдарды *сақтайды*;
- 2.2.9 әлеуметтік-мәдени жағдаяттың даму ерекшеліктерін ескеріп, көпмәдениетті ортада кәсіби әрекетті енгізу тәсілдерін, сондай-ақ, ұлттық тәрбиенің заңдылықтары мен принциптерін *меңгерген*;
- 2.2.10 кәсіби міндеттерді шешуде мамандардың пәнаралық және салааралық өзара әрекеттестіктеріне қатысуға *қабілетті*;
- 2.2.11 кәсіби қызметінде бала құқығы мен мүгедектер құқығы туралы негізгі халықаралық және отандық құжаттарды *қолдануға дайын*;
- 2.2.12 сыни ойлау әдістемесін *меңгереді*;
- 2.2.13 инклюзивті білімнің құндылығы мен сенімділігін *ажырата алады*;
- 2.2.14 өзгермелі еңбек нарығына бейімделуі және белсенді де жауапты азамат болып қалыптасуы үшін *нәтижеге және мобильділікке бағытталған білім алуға қабілетті*.

Оқу бітірушілердің пәндік құзыреттіліктері төмендегіше сипатталады:

- 2.3.1 орта білімнің ерекшеліктерін түсінеді және әр жастағы балаларға білім беруде сабақтастықты іске асыратын құралдарды *меңгереді*;
- 2.3.2 орта мектеп оқушыларына қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың технологиясы мен теориялық негіздерін *игереді*;
- 2.3.3 қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиетінің тұжырымдамалық және теориялық негіздерін, оның жалпы ғылымдар жүйесіндегі орны мен

- күндылығын, даму тарихы мен қазіргі жағдайын біледі;
- 2.3.4 философия, тарих, экология, әлеуметтік-саяси, құқықтық, экономикалық ғылымдар негіздерін, ақпараттық коммуникативтік білімдер мен біліктіліктерді игеріп, оларды практикада қолдануды және орыс, қазақ, ағылшын тілдерін практикалық және іс-жүргізу деңгейінде пайдалануды игереді;
- 2.3.5 психологиялық-педагогикалық пәндер бойынша жүйелі білімдерді, оқыту әдістемесін, классикалық және қазіргі заманауи педагогикалық технологиялар туралы білімді игерген; білім алушылардың жетістіктерін қазіргі әдістермен диагностикалауды пайдалануға қабілетті;
- 2.3.6 қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиетінің іргелі заңдарын және олардың теориялары туралы жүйелі білімді игереді;
- 2.3.7 байқаулар мен тәжірибелер нәтижелерін теориялық тұрғыдан талдау әдістерін компьютерлік үлгілеуді қолдануды игереді.

5B012100 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша оқу жоспары

Оқыту мерзімі: 4 жыл

Академиялық дәрежесі: 5B012100 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша білім бакалавры

№	Модуль және пән атауы	ECTS	Семестр
ЖБПМ1	Жалпы білім беру пәндері модулі	24	
МПК1.1	Міндетті пәндер компоненті	24	
1.1	Тәуелсіз Қазақстан тарихы	3	1
1.2	Орыс тілі	4	1
1.3	Шетел тілі B1	4	1
1.4	Компьютерлік ғылымдар	4	2
1.5	Артбілім	3	1
1.6	Экономика және бизнес	3	3
1.7	Білім беру философиясы	3	3
КПМ 2	Кәсіби пәндер модулі	60	
МПК 2.1	Міндетті пәндер компоненті	60	
2.1	Педагогика	5	2
2.2	Психология	5	2

2.3	Педагогикалық менеджмент	3	4
2.4	Педагогикалық риторика	3	3
2.5	Инклюзивтік білім беру	3	5
2.6	Жас ерекшелігі физиологиясы және мектеп гигиенасы	3	1
2.7	Зерттеу әдістері	3	3
2.8	Шетел тілі –В 2	5	2
2.9	Практика 1	6	4
2.10	Практика 2	9	6
2.11	Практика 3	15	8
АПМ 3	Арнайы пәндер модулі	144	
МПК 3.1	Міндетті пәндер компоненті	81	
3.1.01	Практикалық қазақ тілі	4	1
3.1.02	Тіл біліміне кіріспе	4	1
3.1.03	Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы	3	2
3.1.04	Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы	4	3
3.1.05	Қазақ тілінің сөзжасамы	3	4
3.1.06	Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы	4	4
3.1.07	Қазіргі қазақ тілінің синтаксисі	6	5
3.1.08	Бағалаудың өлшемдік технологиялары	3	5
3.1.09	Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілін оқыту әдістемесі	6	6
3.1.10	Салғастырмалы грамматика (қазақ-орыс тілдері)	4	5
3.1.11	Ауыз әдебиеті	4	1
3.1.12	Қазақ әдебиеті: ежелгі дәуір әдебиеті	3	2
3.1.13	Қазақ әдебиеті: хандық дәуір	3	3
3.1.14	Қазақ әдебиеті: ХІХ ғасыр	4	4
3.1.15	Қазақ әдебиеті: ХХ ғасыр басындағы кезең	4	5
3.1.16	Қазақ әдебиеті: кеңестік дәуір	5	6
3.1.17	Қазақ әдебиеті: тәуелсіздік дәуірі	4	7

3.1.18	Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі	6	6
3.1.19	Балалар әдебиеті	4	3
3.1.20	Кәсіби-бағытталған шетел тілі	3	5
	Диплом жұмысы	12	8
ЭПК 3.2	Элективті пәндер компоненті	63	
	Барлығы	240	
	Оқытудың қосымша түрлері		
	Дене тәрбиесі	12	1-4
	Дінтану	3	2
	Мәңгілік ел	3	2

3.3 Модуль бойынша ұсынылатын элективті пәндер

№	Модуль және пән атауы	ESTC
3.2	Арнайы пәндер модулі	63
1	Сөйленім және қатынас Диалектология	4
2	Сөздікпен жұмыс Оқылым мен тыңдалымға үйрету	4
3	Қазақ тілін оқытудың коммуникативтік-танымдық әдістері Қатысымдық бірліктердің танымдық аспектілері	5
4	Тіл дамыту әдістері Орфография және пунктуация негіздері	4
5	Лингвистикалық талдау әдістері Лингвистикалық терминдер теориясы	4
6	Стилистика Тіл мәдениеті	5
7	Жалпы тіл білімі Тіл біліміндегі жаңа бағыттар	5
8	Әдебиеттануға кіріспе Поэзия талдау	4
9	Мәнерлеп оқу Әңгімелеп айту әдістері	4

10	Шетел әдебиеті Әлемдік әдеби үдеріс	5
11	Түркі халықтары әдебиеті ТМД халықтарының әдебиеті	5
12	Шығыс әдебиеті Проза талдау	4
13	Мәтінді әдебиеттанымдық талдау Жазушының шығармашылық лабораториясы	5
14	Әдебиет теориясы Драма талдау	5